

**ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ
РЕСУРСТАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ
ОНЛАЙН ОҚЫТУДЫ
ҰЙЫМДАСТЫРУДАҒЫ МҮМКІНДІКТЕРІ**

**АБДЫКЕРИМОВА Э.А.
ТУРКМЕНБАЕВ А.Б.**

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар
және инжиниринг университеті
Ақтау, Қазақстан
e-mail: Abdykerimova_el@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада нақты уақыт режимінде өзара әрекеттесу арқылы оқу үдерісін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін цифрлық технологияларды қолдана отырып, білім беру үдерісінде онлайн-платформалардың және онлайн режиміндегі оқу сабақтарының мүмкіндіктері қарастырылған. Білім беру платформаларын пайдалану білім алушылардың ынтасын, білім сапасын арттыруға ықпал етеді. Оқу үдерісіндегі онлайн-сервистердің түрлері мен қолданылуы, сондай-ақ оларды пайдаланудың артықшылықтары мен кемшіліктері қарастырылған.

Түйінді сөздер: қашықтықтан білім беру, онлайн қызметтер, цифрлық технология, платформа, интерактивтілік.

Бүгінгі таңда білім беру жүйесіне қашықтықтан оқыту режиміне тез және тиімді көшу міндеті туындады. Заманауи технологияларды белсенді қолдану қоғамның білім беру және ақпараттық мәдениетінде айтарлықтай өзгерістерге әкелді, әлем елдерінің көпшілігінде оқыту әдістері түбегейлі өзгерді. Қысқа мерзім ішінде интернет-ресурстар мен вебинарлардың арқасында көптеген оқытушылар оқу үдерісін ұйымдастыру үшін әр түрлі білім беру платформалары мен бағдарламаларын өз тәжірибесінде пайдалану мүмкіндіктерімен танысып, игерді. Бүгінгі күні қазақстандық педагогтың компьютерлік сауаттылығы алға үлкен қадам жасады деп айтуға болады.

Қазіргі таңда біздер компьютерсіз және Интернетсіз білім беруді елестете алмаймыз. Компьютерлер мен ақпараттық технологияларды пайдаланбайтын заманауи оқушыны елестету қиын. Осы орайда, онлайн режимдегі оқыту дегеніміз – интернет ресурстарының көмегімен ағымдағы уақытта белгілі бір қашықтықта мұғалім экранын көру арқылы оқытуды ұйымдастыру формасы [1].

Оқу үдерісін тиімді ұйымдастыру үшін Microsoft Teams, Google, Zoom және т.б. әр түрлі платформалар қолданылады. Мысал ретінде кейбір онлайн платформалардың мүмкіндіктерін қарастырайық.

Zoom онлайн-платформасы бейнеконференцияларды, онлайн кездесулерді өткізуге және топтық чаттар құруға арналған қызмет. Конференцияны есептік жазба құра алған кез-келген адам ұйымдастыра алады. Мұнда тегін видеоконференция ұзақтығы – 40 минут. Уақытты әрі қарай соза түсу үшін төлем жасауға тура келеді. Алайда 40 минут біткеннен кейін, қайтадан жаңа конференция ашып жалғастыруға да болады. Сервис қай жағынан да өте ыңғайлы. Оны жекелеген адамдар да қолдана береді, топпен сабақ та өткізіледі. Қосымшаға компьютер, ноутбук, планшет және смартфоннан да кіруге мүмкіндік бар. Видеоконференцияға сілтеме алған немесе конференцияға идентификатор болған кез-келген адам қосыла алады. Мұнда іс-шараны алдын-ала жоспарлап қоюға болады және белгілі бір уақытта әдеттегі сабақты бастау үшін қайталанбалы сілтеме орнатуға мүмкіндік қарастырылған.

Сервис артықшылықтары: байланыс сапасы жақсы, кез-келген қатысушымен видео және аудио байланыс орнатуға болады, қатысушы өз бейнесін көрсетпей де отыра алады, микрофонды қосып қою, өшіріп қою режимі бар, платформада интербелсенді тақта бар. Яғни, экраннан жылдам тақтаға айналдыруға болады. Белгілі бір білім алушыға немесе арнайы топқа файл, хабарлама жіберуге арналған чат та бар [2].

ZOOM конференц-қосымшасы HD сапасындағы бейне ағынын қолдайды және бір уақытта жүзге дейін қатысушы пікірлесуге қосылады, бірақ деректерді ақырына дейін шифрлауды қолдамайды және қауіпсіздік жүйесінде басқа да маңызды кемшіліктерге ие.

Microsoft Teams платформасы жұмыс кеңістігінде чатты, кездесулерді, жазбалар мен тіркемелерді біріктіреді, өзінің жеке корпоративті поштасын өзінің есептік жазбаларымен пайдаланатын оқу орындары үшін ыңғайлы. Бұл бағдарламаны жеке және корпоративті пайдалануға болады. Әр оқытушыға және әр білім алушыға жеке логин, пароль берілген, сол бойынша кіріп, бір-бірімен байланыса алады. Бағдарламаның артықшылығы - әр қолданушы жеке топ аша алады, оқытушылар сабақ беретін топқа команда ашып қоюға болады. Команданың ішінде өзара пікір алмасуға, видеоқоңырау шалуға, экранды демонстрация, трансляция жасауға, білім алушыларға тапсырма беруге, ортақ папка ашып бір уақытта өзгертуге, сол сияқты тест құрастырып, білім алушылардың жетістігін көруге мүмкіндік бар. Білім алушыларға сабақ түсіндіру кезінде осы бағдарламаның ішінде One Note қосымшасын пайдалануға болады. Оның артықшылығы, барлығы бір уақытта экранға жаза алады және білім алушыларға материалдарды слайд түрінде көрсетіп, орындалған үй жұмысына осы қосымша арқылы пікір жазуға болады. Тестті де осы бағдарламаның ішіндегі MS Forms қосымшасында жасауға болады. Мұнда математикалық формулаларды енгізу және сурет енгізу мүмкіндігі де қарастырылған және тест нәтижесін сырттай бақылауға болады. Өзіміз өткізген сабақтарды осы бағдарламаның ішінде видео түрінде сақтауға болады, сабаққа қосыла алмай қалған білім алушылар кейін видеосын қарап түсініп алуына болады.

Google платформасы жеке Google аккаунты бар кез-келген адамға қолжетімді. Google платформасы Google құжаты арқылы оқу материалын жасауға және білім алушыларға қол жеткізуге мүмкіндік береді. Олардың әрқайсысы өздері үшін көшірме жасайды, оқытушыға тапсырмаға байланысты өзінің түсініктемелерін беруге және жеке немесе біреумен бірге жұмыс жасауға мүмкіндік береді. Оқу үдерісін, білім алушылардың жұмысын бақылауға және оларды бағыттауға ыңғайлы. Google формаларын қолдана отырып, сіз викторина (сұрақтарға жауап беру), кері байланыс немесе тест жасай аласыз, өйткені ол әр түрлі типтегі сұрақтарды қосуға мүмкіндік береді: ашық сұрақ; бір дұрыс жауап нұсқасын таңдау; бірнеше дұрыс жауап нұсқасын таңдау; сурет немесе бейне сұрақ; сандық жауап.

Google қосымшасының барлық құралдарын қолдана отырып және бейне (видео) арқылы бірлесіп оқыту үшін Hangout Meet кездесуін пайдалануға болады. Бұл білім алушыларды білім беру үдерісіне тартуға және сабақты интербелсенді етуге мүмкіндік беретін виртуалды сынып [3].

Оқу үдерісін тиімді ұйымдастыру үшін көптеген ақылы және ақысыз қызметтер бар, олардың бірі - Nearpod. Nearpod оқытушыларға кез-келген сабақты интербелсенді етуге көмектеседі, сонымен қатар ZOOM интеграциясымен ZOOM жиналысын тікелей бағдарламадан тез құруға болады. Оқытушы сөзжұмбақтар, сауалнамалар, бейнелер, ынтымақтастық туралы кеңестер және басқаларын қамтитын интербелсенді презентациялар жасай алады.

Nearpod платформасында сабақ жасауда сізде бар оқу ресурстарын пайдалануға болады. Сіз png, ppt, jpeg, pdf файлдарды, Google презентацияларын немесе ZIP-архивтерді жүктей аласыз. Google Drive, Dropbox немесе OneDrive сияқты кез-келген жергілікті көздерден файлдарды жүктеу мүмкіндігі бар. Сондай-ақ, файлдарды жұмыс үстелінен Nearpod сабағына апаруға болады. Бұл бірнеше минутты алады.

Презентация, тапсырма немесе викторина ашу үшін білім алушыларға сайтқа тіркелудің қажеті жоқ, тек сессия кодын енгізу жеткілікті.

Тапсырманы уақыт шеңберімен жеке және топтық түрде баптауға болады. Тиісінше, құрылған сабақтар, викториналар және басқа ресурстардың кітапханасын пайдалануға болады [4].

Google Hangouts - хабарламалар алмасуға арналған платформа. Бұл жерде SMS-жазбалар және видео түсірілімдермен бөлісуге болады. Hangouts екіден жүз адамға дейінгі топ құруға мүмкіндік береді. Android пен iOS жүйелеріне арналған мобильді нұсқасы бар.

ClickMeeting - онлайн-мәжіліс пен вебинар өткізуге арналған сервис. Жеке парақша құрып, сол арқылы топтық жұмысқа қосылуға болады. Бір топқа тек 4 адам қосыла алады. Аудио, видео құжаттарды барлық қатысушы еш қиындықсыз жүктей алады.

Learnis және Edpuzzle платформаларын бейне роликтерді қарау кезінде енжарлықтың алдын алу үшін оқу тапсырмаларын, викториналарды, онлайн ойындар мен интербелсенді бейнелерді жасау үшін пайдалану ұсынылады. Ол үшін қарау кезінде сұрақтар қосу керек.

- ашық сұрақ - бұл білім алушылардың қолмен жазатын жауабы бар сұрақ.

- жалғыз таңдау - бұл бірнеше жауап нұсқасы бар сұрақ, бірақ тек біреуі дұрыс.

- бірнеше таңдау - бұл бірнеше дұрыс жауап нұсқалары бар сұрақ.

Genial - түрлі-түсті презентациялар, инфографика, портфолио, сабаққа материалдарды орналастыруға, бейне-фрагменттерді, географиялық карталарды құруға арналған көпфункционалды платформа.

learningapps.org - интерактивті модульдер көмегімен оқытуға арналған бірегей платформа. Құралдардың кең таңдауы: классификация, хронологиялық кесте, суреттерді сұрыптау, викториналар, пазлдар, аудио-бейне контент, сөзжұмбақ, карталармен жұмыс және басқалары сабаққа әртүрлілік пен креативтілікті қосады. Бұнда интербелсенді тренажерлерді тексеру автоматты түрде жүзеге асырылады, бұл оқытушылардың қызметін айтарлықтай жеңілдетеді.

Kahoot - бұл жаңа білімдерді меңгеруге арналған үйлесімді ойын платформасы. Оқытушы kahoot.com сайтында онлайн-сауалнама жүргізеді, білім алушылар жеке кодты пайдалана отырып қатысады. Ойындар меңгерілмеген материалды анықтауға ғана емес, сонымен бірге рейтингтік бәсекелестік оқыту ортасын құруға мүмкіндік береді. Бұл ресурс сабақта барлық білім алушыларды бағалау процесіне қатыстыру мүмкіндігі болмаған жағдайда қолданылады. Білім алушы кез-келген ыңғайлы уақытта тестілеуден, сауалнамадан өте алады [5].

CORE - бұл білім беру материалдарын жобалауға және пайдаланушыларға жеке ұсыныстар әзірлеуге арналған аналитикалық жүйемен білімді тексеруге арналған қарапайым онлайн платформа. Енді CORE платформасында қалай жұмыс жасауға болатындығын толығырақ қарастырайық.

CORE-мен жұмысты бастау үшін сізге тіркелу керек. Тіркеу терезесінде сіз өзіңіздің электрондық поштаңызды көрсетіп, пароль ойлап тауып, тегіңіз бен атыңызды енгізуіңіз керек. Пайдаланушы келісімін оқығаннан кейін «Тіркелу» батырмасын басыңыз. Поштаңызды растау үшін сізге пошта жәшігіңізге баруыңыз керек. Онда нұсқаулық жазылған хат күтіледі. Осыдан кейін сіз мұғалімнің жеке кабинетіне кіресіз және сабақ құруға кірісе аласыз.

Егер сізде бұрыннан есептік жазба болса, мысалы, сіз CORE-де курс өткізген немесе құрған болсаңыз, «Кіру» қойындысын таңдап, деректеріңізді (пошта және пароль) енгізіңіз.

Егер сіз пароліңізді ұмытып қалған болсаңыз, бұл маңызды емес - «Құпия сөзді ұмыттыңыз» батырмасын басыңыз. Электрондық пошта мекен-жайын мәтін енгізу жолына енгізіп, «Құпия сөзді қалпына келтіру» батырмасын басыңыз, сонда сіздің поштаңызға нұсқаулықпен электрондық хат жіберіледі.

Тіркеу кезінде көрсетілген тегіңіз бен атыңызды өзгерткіңіз келсе, «Личный кабинет» қойындысынан «Профиль және қауіпсіздік» қойындысын таңдаңыз.

Тіркеуден кейін әр пайдаланушы автоматты түрде екі кабинетті алады:

«Мұғалімнің» жеке кабинеті - сабақтар (курстар) құруға арналған орын. Мұғалімнің жеке кабинетінде сіз сабақтар құрып, оларды бумаларға салуға болады. Студенттің жеке кабинеті - сабақ (курстарды) сақтауға арналған орын. Ауыстырғыш кабинеттің жоғарғы оң жақ бұрышында орналасқан.

Бастапқы бетте сіз жасаған сабақтар мен бумалар сақталады. Сабақ құру үшін мұғалімнің жеке кабинетін енгізіп, «Сабақтар / олимпиадалар» қойындысын ашып, (+) батырмасын басыңыз. Осыдан кейін сіздің алдыңызда тізім пайда болады. Егер сіз кәдімгі сабақ құрғыңыз келсе, «Сабақты» таңдаңыз, ал егер бақылау тапсырмасын құрғыңыз келсе, онда «Контрольная/дз» таңдаңыз. Сабақ жасағаннан кейін ол әрдайым мұғалімнің жеке кабинетінде сақталады. Оны өңдеу үшін тышқанның сол жақ батырмасымен сабақтың оң жақ жоғары бұрышында орналасқан (...) батырманы басыңыз, ашылмалы тізімде «Редактировать / Өңдеу» тармағын таңдаңыз. Сонымен қатар, сіз:

«Дублировать / Көшірме» - сабақтың көшірмесін жасау;

«Переместить в / Жылжыту» - сабақты сіз құрған курстардың біріне ауыстыру;

«Удалить / Жою» - жеке кабинеттен сабақ жою. Сақ болыңыз, сабақты жойғаннан кейін оны қалпына келтіру мүмкін болмайды.

Жаңа бума жасау үшін (+) батырмасын басып, ашылмалы тізімнен «Папки / Бума» командасын таңдап, оған атау беріңіз. Құрылған сабақтарды осы бумаға көшіруге болады. Мұны істеу үшін, сабақтың үстіне апарыңыз, тышқанның сол жақ батырмасымен (...) батырмасын басып тұрып, сабақты бумаға сүйреңіз. Сол сияқты сіз сабақтар мен бумаларды ауыстыра аласыз. Буманың атын өзгертуге немесе жоюға болады. Ол үшін (...) батырмасын басып, ашылмалы тізімнен қажетті әрекетті таңдаңыз.

Егер жұмыс барысында сіз техникалық қиындықтарға тап болсаңыз, онда сіз әрқашан CORE анықтама орталығына хабарласа аласыз. Мұны істеу үшін нұсқаулық бар белгішені басыңыз, ол сіздің жеке кабинетіңіздің төменгі оң жақ бұрышында орналасқан. Анықтама орталығынан сұрағыңызға жауап таба алмасаңыз, экранның төменгі оң жақ бұрышындағы «В справочный центр» белгісін басыңыз. Осыдан кейін әлеуметтік медианың тізімі пайда болады, жаза алатын желілер мен арналар. Ыңғайлы біреуін таңдап, хабарлама теріңіз. Сонда, Сізге кеңес беріледі.

Элементтермен жұмыс. Тышқанның сол жақ батырмасын басып тұрып, сол жақтағы тізімнен элементті параққа жылжытыңыз және оны мазмұнмен толтырыңыз. Сіз бұрыннан жасалған элементті көшіруге, тазартуға және жоюға болады.

Сабақты өңдеу бетінде бірнеше өрістер бар: сол жақта электронды контент түрлерін (элементтерін) білдіретін белгішелер, парақтың орталық бөлігінде дидактикалық материал (бет) жасауға арналған беттер, оң жағында құрылған дидактикалық материалды басқаруға арналған батырмалар бар (сабақ параметрлері мәзірі).

Элементтер CORE конструкторының негізі болып табылады. Параққа кез-келген элементті қосу үшін, оны сол жақтағы тізімнен тышқанның сол жақ батырмасын басып тұрып ұстап парақтың ортасына әкеліп тастау қажет.

Жаңа параққа: мәтін, нұсқаулық, бейнені немесе аудионы сілтеме арқылы жүктеуге (.mp4 .mp3 .wav форматындағы 100 Мб-қа дейінгі файлдарды жүктеуге; сілтемелерге арналған көздер: Youtube, Vimeo, Soundcloud, Facebook, Dailymotion, Twitch), файлға арналған сілтемені көрсетіп кескінді жүктеуге (.jpg, .jpeg, .png, .gif форматтағы 5Мб-қа дейінгі файлды), Learningapps, Wordwall, 3dvieweronline, Apple Music ресурстарынан жаттығуға сілтемені көрсетіп жаттығуды жүктеп орындауға, .pdf, .doc, .docx, .xls, .ppt, .pptx форматтағы 5 Мб-қа дейінгі файлдың сілтемесін көрсетіп құжатты жүктеуге, бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тесттерді құруға, ашық сұрақтар құруға (мұнда өріске сұрақтың жауабын жазуға болады және оқушы тапсырманың жауаптары жазылған файлды тіркеуге мүмкіндігі бар), бос орындарды толтыру, сауалнама, кері байланыс жасауға болады.

Сабақ құру кезінде сізге орналастырылған элементтерді немесе беттерді ауыстыру қажет болуы мүмкін. Ол үшін курсорды белгішенің үстіне апарыңыз (...) және тышқанның сол жақ батырмасын басып тұрыңыз, содан кейін элементті сүйреңіз.

Сабақты құруды жеңілдету үшін педагогикалық шаблондар дайындалған. CORE оларды «Создать урок/Сабақты құру» батырмасын басқаннан кейін ұсынады. Тышқан курсорын сізді қызықтыратын шаблонның үстіне апарыңыз, осы әрекеттен кейін екі батырма пайда болады. Егер сіз шаблон туралы шешім қабылдасаңыз және оны қолданғыңыз келсе, «Выбрать/Таңдау» батырмасын басыңыз. Ал, шаблонның қалай көрінетінін көру үшін «Посмотреть/Көру» батырмасын басыңыз.

Шаблондар сабақтың құрылымын анықтайды - блоктарды мазмұнмен толтыру ғана қалады. Шаблонмен жұмыс істей отырып, олардың мазмұны мен құрылымын өзгертуге болады: элементтерді өз қалауыңыз бойынша қосыңыз, көбейтіңіз, жойыңыз.

Сіздің сабағыңызды жасауды жеңілдету үшін біз сізге педагогикалық шаблондар қолданылады. CORE оларды «Создать урок / Сабақты құру» батырмасын басқаннан кейін ұсынады.

Шаблондарды таңдаумен мәзірді ашу үшін мұғалімнің жеке кабинетіне өтіп, «Сабақ құру» батырмасын басыңыз, ашылмалы тізімнен «Сабақты» таңдаңыз, сонда шаблондардың тізімін көресіз. Курсорды сізді қызықтыратын шаблонның үстіне апарыңыз, осы әрекеттен кейін екі батырма пайда болады:

«Посмотреть / Көру» - шаблонның қалай көрінетінін көру үшін оны басыңыз;

«Выбрать / Таңдау» - егер сіз шаблон туралы шешім қабылдасаңыз және оны қолданғыңыз келсе, оны басыңыз.

Шаблондар сабақтың құрылымын анықтайды - блоктарды мазмұнмен толтыру ғана қалады. Шаблонмен жұмыс істей отырып, олардың мазмұны мен құрылымын өзгертуге болады: элементтерді өз қалауыңыз бойынша қосыңыз, көбейтіңіз, жойыңыз.

Педагогикалық шаблондар жинағы:

1. Диагностика. Шаблон онлайн-курстың басында тәжірибені, білімді және ұғымдарды түсінуді бағалайды.

2. Онлайн-курстың ақпараттық материалы (Информационный материал к онлайн-курсу). Шаблон мақсаттары: алдыңғы бөлім туралы білімдерін жаңарту; ақпарат алу; бекіту; бақылау; рефлексия; өздік жұмысқа арналған тапсырмалар. Кез-келген онлайн курсының негізі ақпарат болып табылады. Материалды тиімді ұсыну үшін осы үлгіні пайдаланыңыз.

3. Курс/бөлім бойынша қорытынды тест (Итоговый тест по разделу/курсу). Шаблон мақсаттары: білім беру мақсаттарына қол жеткізуді тексеру. Бұл шаблон курс тыңдаушылары білімінің өсуін объективті бағалауға мүмкіндік береді.

4. Тренингтен/шебер-сыныптан бұрын төңкерілген сынып (Перевернутый класс перед тренингом/мастер-классом). Шаблон мақсаттары: ақпаратпен алғашқы танысу; өзін-өзі бағалау; өзін-өзі диагностикалау; рефлексия; тренингке арналған сұрақтар топтамасы; талдау. «Төңкерілген сынып» форматындағы материалды тыңдаушыларға алдын-ала жіберуге болады және сіз олардың орташа білім деңгейін алдын-ала бағалай аласыз.

5. Шебер-сынып нәтижелері туралы кері байланыс (Feedback по итогам мастер-класса). Шаблон мақсаттары: ілеспе материал; қанағаттанушылықты сұрау; рефлексия; үй жұмысы. Шаблон сауалнамаларды қолдану арқылы аудиториядан тренинг нәтижелері туралы кері байланыс алуға мүмкіндік береді.

Сабақ жасағаннан кейін міндетті түрде оны жариялап, содан кейін студенттерге жіберуге немесе басқа оқытушылармен бөлісуге болады. Сабақ жарияланғаннан кейін оны бөлісудің екі әдісі бар:

1. Сілтеме арқылы: сілтемені студенттерге көшіріп, оларға жіберіңіз.

2. Код арқылы: сілтеменің сол жағында сабақ коды көрсетілген. URL сілтемесінен гөрі кодты студенттерге беру оңай. Сабақтың кодын көшіріп, студенттерге жіберіңіз.

Студент сабақты ашқаннан кейін, ол тек материалды көре алатын режимге қол жеткізе алады, яғни тапсырмаларды оқып, орындай алады. Сабақ жарияланғаннан кейін оқытушы сабақты өңдей алмайды.

Сабақты басқа оқытушылармен бөлісуге болады, оларға сабақтың өңделетін нұсқасына рұқсат беріледі. Оқытушы сабақты өзінің жеке кабинетіне қосады және онда жұмыс істей алады. Сіз басқа оқытушының жасаған өзгерісін көре алмайсыз. Оқытушының жеке кабинетіне басқа біреудің сабағын қосуға болады. Есептік жазбаңызға сабақ қосу үшін сізге сабақтың сілтемесі бойынша өтіп, «Менің сабақтарыма қосу / Добавить в мои уроки» батырмасын басу керек. Сабақ автоматты түрде сіздің жеке кабинетіңізде пайда болады. Сабаққа өзгертулер енгізгенде, олар тек сіздің сабағыңызда пайда болады.

Padlet - онлайн тақта құруға арналған тегін платформа. Padlet онлайн тақтасы - әр білім алушының өз жұмысын тақтаға шығаруға, оқытушының оған көп уақыт жұмсамай түсініктеме беруіне және бағалауға мүмкіндік береді. Бұл тақтаның мүмкіндігі белгілі бір тақырып бойынша материалдарды ортақ жинау, мұнда кез келген адам өз қолтаңбасын қалдыра алады, суретті тіркей алады, файлды орналастыра алады. Білім алушылар топпен жұмыс жасай алады. Барлық ресурстар бір жерде жиналады және ешқашан жоғалмайды. Сервис толығымен тегін, орыс тілінде және жасалатын беттер мен қатысушы білім алушылардың санына ешқандай шектеулер жоқ.

Енді осы Padlet платформасында қалай жұмыс жасауға болатындығын толығырақ қарастырайық. Бұл Padlet деген Web сервис. Web сервисінің мақсаты рефлексия құралын мұғалімге беру. Padlet-ке кіру үшін Сіздерге Google-дан Padlet-ті теру керек немесе Padlet.com-ға кіру керек. Жұмысты бастау үшін оқытушы Google аккаунтпен тіркелуге болады. Мұнда тіркелудің 3 түрі бар: электронды пошта e-mail арқылы, Google аккаунт арқылы, Facebook арқылы.

Оқытушы Padlet тақтасында әр түрлі материалдарды жедел түрде орналастыруға, жүктеуге, білім алушылар әр түрлі жобаларды бірлесіп жасауына, пікірталастар ұйымдастыруға, сауалнамалар ұйымдастырып өткізуге болады. Сонымен бірге, постер жасауға болады.

Padlet-ті кері байланыс алатын кезде қолдануға болады. Тақырыпты өткен соң, тақырыпты қалай түсінгенін білу үшін Padlet-те рефлексия жазуын сұрауға болады. Padlet-тің бір үлкен мүмкіндігі рефлексия жазғанда барлық білім алушылар жазады және олар бір-бірінің кері байланысын көріп отырады [6].

Басты бетте Padlet-тер орналасады. Жаңа Padlet құру үшін «+Создать доску» батырмасын басамыз. Сонда берілген үлгілердің ішінен таңдаймыз. Мұнда тақта, кестелер, лента, қосылатын схемалар, хронологияны жасауға болады.

Біз қабырға түрін «Выбрать» батырмасы арқылы таңдап, Padlet құрамыз. Padlet атының үстінен екі рет үздіксіз бассaq, оң жақ жоғарғы бұрышында әр түрлі параметрлер арқылы тақтаның атауын, фонын, қаріптерін, қатынау параметрлерін, картинка қоюға, желіде жариялау тәсілдерін және т.б. жасауға болады. «Авторство» дегенді белгілеп қоямыз, себебі білім алушылардың берген жауабынан кімнің жауабы екені оқытушыға көрініп тұру үшін. Комментарийді қосып қоямыз, мұнда білім алушылар тапсырмаға өз пікірлерін, жауаптарын қалдыра алады. Реакцияны да таңдауымызға болады, мысалы: лайк немесе жұлдызша және т.б. Сосын «Закрыть» батырмасын басып шығамыз.

Оқытушы енді осы тақтаға өз ойын, тапсырмаларын жаза алады. Padlet-те кері байланыс бергенде бірнеше мүмкіндіктер бар. «+» батырмасын басып, жаңа тақта қосуға болады. Оған мәтін жазуға, файл жүктеуге болады. Екінші мүмкіндік, сілтеме қоса алады. Өз видеосына сілтемені жібере алады. Үшінші мүмкіндік, Google-дан жүктеуге болады. Мысалы, тақырып туралы картинка, видео, аудио, GIF файл қосып қоюға болады. Төртінші мүмкіндік «снимок» арқылы білім алушы өзінің дәптеріндегі тапсырманы суретке түсіріп, оқытушыға жібере алады.

Егер Padlet керек емес болса, онда ... үш нүктеге басып, Delete батырмасын басамыз. Сонда берілген кодты теріп жазып, Delete батырмасы арқылы тақтаны өшіріп тастауға болады.

Енді осыны білім алушылармен қалай бөлісуге болады. Ол үшін «Поделиться» батырмасы арқылы бөлісуге болады. «Копировать ссылку в буфер обмена» батырмасы арқылы білім алушыға сілтемені жіберуге болады.

Тақтаны өз сайтыңызға немесе блогыңызға орналастыруға болады, білім алушыларға сілтеме беруге немесе оларды e-mail арқылы қатысуға шақыруға болады. Padlet-ке білім алушының тіркелгені дұрыс. Себебі, егер білім алушы тіркеліп өз аккаунтымен кірген болса, онда пост құрғанда, комментарий жазғанда білім алушының аты тұрады. Ол оқытушыға бағалауда тиімді болады.

Padlet-те тақталарды сақтау саны шектеулі. Мұнда 3 тақтаға дейін тегін беріледі. Қалғаны ақылы. Бірақ оны компьютерге жүктеуге болады. «Download» батырмасы арқылы жүктеп алуға болады.

Coursera - халықаралық платформа, ол коммерциялық емес білім беру компаниясы. Компанияның мақсаты - үздік университеттердегі үздік оқытушылардың үздік курстарын пайдалану және оларға бүкіл әлемде тегін қол жетімділікті қамтамасыз ету.

Курстар гуманитарлық мамандықтарды (әлеуметтану, психология, тарих, әдебиет, тілдер, экономика және т.б.), жаратылыстану ғылымдарын (химия, математика, физика, генетика, медицина және т.б.), IT-саланы қамтиды. Бұл платформада тіркелген білім алушылар апта сайын бейнелерді қарап, үй тапсырмаларын уақытында тапсырып, баға алады. Курс соңында білім алушылар сертификат алады. Оқыту тегін және барлығына ашық, сертификат алу ақылы. Курс орта есеппен 8-10 аптаға созылады. Әр білім алушы үшін жеке траектория жасалады, оған видео дәрістер, тапсырмалар мен жаттығулар кіреді.

Coursera тек бейнені ғана емес, сонымен қатар кіріктірілген қайталау жаттығулары бар бейнелерді ұсынады. Әр бірнеше минут сайын бейне тоқтайды, сондықтан білім алушылар сұраққа жауап бере алады. Маңызды компоненттердің бірі - оны нақты түсіну үшін материалмен практикалық жұмыс жасау мүмкіндігі. Әр түрлі қызықты типтегі үй тапсырмалары тексеріледі. Мысалы, жауаптары бар тапсырмалар, бейнелер сияқты қысқа, еркін жауаптары бар сұрақтар, бағдарламалау тапсырмалары және т.б. тексеріледі. Мұнда білім алушылар бірін-бірі тексереді. Әр білім алушы құрдастарының берген бағасымен орташа балл алу үшін бес сыныптастарының жұмысын бағалауы керек.

Қорытындылай келе, білім беру платформалары оқытушылар үшін сәтті ақпарат көзі болып табылады, оның міндеті оқу үдерісіне материалды таңдау және енгізу болып табылады. Білім беру платформаларын, желілік ресурстарды белсенді пайдалану жалпы білім беретін курстың виртуалды білім беру ортасын құруға мүмкіндік береді. Білім алушылар оқу деңгейін көтереді, білімдегі олқылықтарды өз бетінше жояды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ахметова Г.К., Караев Ж.А., Мухамбетжанова С.Т. Білім беру ұйымдарына электрондық оқыту жүйесін енгізу жағдайында педагогтардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру әдістемесі. - Алматы: АҚ «ҰБАО «Өрлеу», 2013.

2. Ахметова Г.С., Ашимова А.К. Жоғары оқу орындарында шет тілдерін оқытуда онлайн платформаларын қолдану // Көкшетау мемлекеттік университетінің Хабаршысы, 2019. - №2. – Б. 291-298.

3. Батаев А. В. Обзор рынка систем дистанционного обучения в России и мире // Молодой ученый, 2015. - №17. - С. 433-436.

4. Калимуллина О.В., Троценко И.В. Современные цифровые образовательные инструменты и цифровая компетентность: анализ существующих проблем и тенденций // Открытое образование, 2018. - № 3. - С. 61-73

5. Романова Н.Л. Онлайн-курсы как инновационная форма дистанционного обучения // Педагогика высшей школы, 2018. - № 2. - С. 5-8.

6. Жолшаева М., Абдукаримова Л. Қашықтан білім беру - заман талабы // SDU Bulletin: Pedagogy and Teaching methods, 2020. №1 (52). – Б. 98-105.

ЦИФРОВЫЕ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ РЕСУРСЫ И ИХ ВОЗМОЖНОСТИ ДЛЯ ОРГАНИЗАЦИИ ОНЛАЙН ОБУЧЕНИЯ

Абдыкеримова Э.А., Туркменбаев А.Б. - Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова, Актау, Казахстан, e-mail: Abdykerimova_el@mail.ru.

Аннотация. В статье рассмотрены возможности онлайн-платформ в образовательном процессе и учебные занятия в режиме онлайн с использованием цифровых технологий, которые позволяют осуществлять учебный процесс посредством взаимодействия в режиме реального времени. Использование образовательных платформ способствует повышению мотивации обучающихся, качества образования. Рассмотрены виды и применение онлайн-сервисов в учебном процессе, а также преимущества и недостатки их использования.

Ключевые слова: дистанционное образование, онлайн услуги, цифровые технологии, платформа, интерактивность.

DIGITAL EDUCATIONAL RESOURCES AND THEIR OPPORTUNITIES FOR ORGANIZING ONLINE LEARNING

Abdykerimova E.A., Turkmenbayev A.B. - Sh. Yessenov Caspian University of Technologies and Engineering, Aktau, Kazakhstan.

Abstract. The article considers the possibilities of online platforms in the educational process and online training sessions using digital technologies that allow the educational process to be carried out through real-time interaction. The use of educational platforms helps to increase the motivation of students and the quality of education. The types and application of online services in the educational process, as well as the advantages and disadvantages of their use, are considered.

Keywords: distance education, online services, digital technologies, platform, interactivity.

